

6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған Усенова Аккенже Мукановнаның «Болашақ бастауыш сыйның мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясына жазылған рецензенттің

П И К И Р I

1 Зерттеудің тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазіргі жаһандану құбылыстарының ауқымы мен әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жаңару үрдістері, еліміздің әлеуметтік-экономикалық тез дамуы, әлемдік үрдістерге араласуға ұмтылышы мен әлемдік деңгейде бәсекелеге қабілетті болуы үшін басты назарды білім беруге, оның сапасына, инновациялық әлеуетіне басымдық беріп отыр. Соның ішінде оның тетігі ретінде әлемнің отыз дамыған елінің қатарына қосылудағы адам капиталының сапасын көтеруде жоғары оқу орындарында болашақ педагог кадрларды дайындауға талаптар аясы кеңеюде. Болашақ үрпақты бастауыш мектептен өмір бойына әлеуметтік табыстылық пен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін педагогтың жоғары оқу орындарында әлеуметтік табысты іс-әрекет ету дайындығына тікелей байланысты. Жоғары білім беруде маманды тек қана біліммен қарулардырып қоймай, сонымен қатар тұлғалық дамуына, әлеуметтік белсенділігі мен шығармашылық қабілетінің жетілуіне, өзін-өзі дамытатын, өзін-өзі басқаратын, бастамашыл және табысты шығармашылық тұлға ретінде қалыптастыру білім беруде басты нәтижелерінің бірі ретінде қойылышын отыр. Сондықтан Аккенже Мукановнаның зерттеу жұмысының тақырыбы бастауыш мектепті әлеуметтік табысты мұғалімдермен қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты өзекті, жоғары оқу орындарында жаңа бағытта дайындаудың теориясын жүйелеу, әдістемесін дайындауда әлеуеттік сұранысқа сай, педагогика ғылымын қорландыратын құнды туынды деп саналады. Зерттеу жұмысының көкейкестілігі қазіргі білім беру саласындағы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты жарияланған тұжырымдамалар, заңдарға сәйкестілігімен дәлелденген.

2 Іздешілінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

2.1 Бірінші нәтиженің дәлелдігі – болашақ бастауыш сыйның мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың теориялық негіздеріне «табыс», «табыстылық», «іс-әрекет», «әлеуметтену», «әлеуметтік табыстылық» туралы философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық теориялардың саралануымен, әлеуметтік табыстылық категориясының сан алуандылығымен дәлелденіп, тұлғалық іс-әрекет,

аксиологиялық, акмеологиялық, мәдениеттілік тұғырларын негіз етіп, әлеуметтік табысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағдарланған, ұйымдастырылған әлеуметтік ұстанымы, әлеуметтік мақсаттары, құндылық бағдары бар, оптимизмге, жауапкершілікке толы, өз қабілеттерін әлеуметтік шығармашылық арқылы жүзеге асыруға қабілетті тұлға деп анықтаған.

2.2 Екінші нәтиженің дәлелдігі – зерттеу мәселесіне қарай алыс-жақын шетел ғалымдарының, отандық зерттеу жұмыстарындағы «әлеуметтік табыстылық» ұғымына берілген түсініктемелерге контент талдау жасау негізіндемен ашылып, бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығы кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылық сапалар бірлігіндегі құрылымы, мазмұнынақтыланады.

2.3 Ушінші нәтиженің шынайылығы – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін түрткілік-еріктілік, процессуальдық-іс-әрекеттік, рефлексивтік-бағалау компоненттердің негізінде ошемдері, көрсеткіштері, жоғары, орта, төменгі деңгейлерінің бірлігі негізінде айқындалғандығымен дәйекті.

2.4 Төртінші нәтиженің шынайылығы – автордың ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту жүйесі жоғары оқу орындарында педагог мамандарды даярлауда педагогикалық үрдістің, әлеуметтік-мәдени іс-шаралардың мазмұны, құралдары мен әдістемесінің бірізділігін, нәтижелігін қамтамасыз етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын қалыптастыратын инновациялық әдістері, әсер ететін факторлары, үш кезеңмен жүргізілетін әдістеменің дайындалуымен сипатталады. «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» элективті курсының, әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда тексеріліп оң нәтижелерді беруі және соның негізінде дайындалған әдістемелік ұсыныстарының практикада қажеттілігі жоғары.

3 Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі
Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуалғаш зерттеліп отырғандықтан, зерттеушінің анықтаған нәтижелері педагогика ғылымындағы жаңалығы деп есептелінеді.

3.1 Бірінші нәтиже зерттеліп отырған мәселенің теориялық негізі тарихи кезеңдерде қалыптасқан философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық теориялардағы «табыс», «табыстылық» мәселелерін талдау негізінде, әдіснамалық тұғырлардың басшылық алып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік кемелдену, әлеуметтік көзқарас, әлеуметтік бағдар, әлеуметтік мақсат, әлеуметтік бейәмделу, әлеуметтік шығармашылық, әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік оптимизм, және әлеуметтену ұғымдарымен тығыз

байланыста қарастырып, жаңаша сипаттама бере білуі аталған нәтиженің жаңа екендігін айғақтайды.

3.2 Екінші нәтиже «әлеуметтік табыстылық» ұғымына түрлі бағытта берілген анықтамаларды талдау және оның түрлерінің ерекшелігін көрсетуі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын құрылымынәлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылық сапалар бірлігінен тұратын құрылымының анықтауы жаңа деп саналады.

3.3 Үшінші нәтиже – автордың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың түрткілік-еріктілік, процесуальдық-іс-әрекеттік, рефлексивтік-бағалау компоненттерінің бірлігінде құрылымдық-мазмұндық ұлгісінің өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлерінің ұсынылуы жоғары оқу орны педагогикалық үдерісінің нәтижеге бағытталуын қамтамасыз ететін жаңалығы.

3.4 Төртінші алған нәтиже болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың жүйесі, әлективті пән мазмұнының әлеуеті, диагностикалау және ұсынған әдістеменің шығармашылық бағытта берілуі, инновациялық бағыттағы әдістер, формалар, құралдардың үйлесімділігін жаңалығы деуге болады.

4 Іздешінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қоданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Усенова Аккенже Мукановнаның зерттеу нәтижесінің педагогикағының қосқан ұлесі деп есептеуге болады, өйткені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдіснамалық, теориялық білімдер жүйесі негізінде қарастырылып, практикада іске асырылып отыр. Сонымен қатар іздешінің зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерін, «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» әлективті курсын, «Сенің табыстылығың – сенің қолында» үйірмесінің ережесін және әдістемесін бастауыш мектепе, жоғары мектепте, мұғалімдердің біліктілігін көтеру орындарында пайдалануға болады.

5 Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама

Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларын негізгі тұжырымдары 13 (он үш) енбегі толықтай жарияланып, Қазақстан Республикасының және шетелдердегі мерзімді ғылыми-әдістемелік басылымдарында, әр түрлі деңгейлердегі ғылыми-практикалық конференция материалдарында, КР БЖФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ғылыми басылымдарда, Scopus базасына енген шет елдік басылымында жарық көрген.

6 Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Сонымен бірге, Усенова Аккенже Муқановнаның PhD докторлық диссертациялық жұмысындағы мынандай кемшіліктерді ескерте кетуге тұра келеді:

1. Диссертацияның біріншінші тарауында философиялық, педагогикалық еңбектерге талдау жасалынған. Солай бола тұrsa да, талдаудың кейбір тұстарында автордың өзіндік пайымдауларын тереңдетіп ашу зерттеу жұмысының құндылығын арттырады.
2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың жүйесін диссертациялық жұмыстың теориялық жаңалығы ретінде көрсеткен жөн еді.
3. Зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың көрсеткіштерін негізден, тереңірек сипаттама берілген жағдайда дәлелдігін нақтылай түсер еді.
4. Диссертация мазмұнында стилистикалық, грамматикалық қателер кездеседі. Бұл кемшіліктер диссертацияның жалпы мазмұны мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

7 Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Корыта айтқанда, 6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған Усенова Аккенже Муқановнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, жан-жақты зерттелген және аяқталған тың жұмыс деп тауып, жұмыстың иесі 6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті,
Педагогика және психология
факультетінің деканы,
п.ғ.д., профессор



С.Н.Жиенбаева

Көлік	С.Н. Жиенбаева
Подпись	
Расгаймын:	Казақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті қадр белімінін бастығы
Заверено:	Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета